

## IV бөлім: “Бізді қоршаған орта”. Ферма фризі

Оқу мақсаттары:

**Т6.1.1** Жаңа сөздердің мағынасын мен айтылуын түсінеді.

**О1.1.1** Таныс сөздерді буынға бөліп оқиды және сөздердің мағынасын түсінеді.

**А1.1.1** Таныс сөздерді қолдану арқылы сұрақ қояды және сұраққа жауап береді.

**Барлық оқушылар орындай алады:** таныс сөзге сұрақ қояды, буынға бөледі, буынға бөліп оқиды


**Оқушылар көпшілігі орындай алады:** таныс сөздердің мағынасын түсінеді

**Кейбір оқушылар орындай алады:** күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым сөйлем құрай алады.

**Басы: “Шаттық шеңбері”.** Шеңбер бойына тұрғызып, жануарлардың суреттерін беріп, өздерін сол кейіпкер ретінде таныстырады. Мысалы: Менің атым-Құлыншақ. Мен қоңыр құлынмын. Менің атым-Ботақан. Мен әдемі ботамын. Менің атым-Қошақан. Мен қара қошақанмын. Менің атым-бұзауқан. Мен қоңыр бұзаумын. Менің атым-күшік. Мен-сары күшікпін.

Оқушыларды жануарлар, үй құстары арқылы топтарға бөлу.

**Құпияға толы зат:** оқушыларға затты көрсетіңіз. /Фризды көрсету және түсінік беру/.



## Ортасы:

**Сөздік жұмыс:** фермаға қатысты сөздік қорын пайдалану: ферма, сиыр-бұзау, жылқы-құлын, ешкі-лақ, түйе- бота, қой-қозы, ит, мысық

**Мұғалім сұрақ қояды:**

-Фермада қандай үйлер болуы мүмкін?



-Бұл жерде ағаштар бар ма?

-Онда кімдер жұмыс істейді?

-Қандай үй жануарлары бар? /жануарлардың суреттері-сурет және сөз/



**“Артығын алып таста”:** /суреттер беріледі, артығын алып тасау керек/



**Сергіту сәті:**

**Фриз жасау:** фермаға қатысты әртүрлі заттар, бұйымдар қатырылып жасайды.

Фризды аяқтағаннан соң оқушылар өздерінің істегендерін суреттеп береді. Өзгелерді тыңдап, жұп болып бағасын береді.

**Ой-өрісін дамытуға арналған «Магниттік хайуанаттар» ойыны**

# Соңы: қосымша тапсырмалар: тақпақ, санамақ, ертегілер

**Ертегі: “Жыл басына таласқан хайуанаттар”.**

Ертеде барлық аңдар, жануарлар жиналыпты.

-Кім жыл басы болады?-деп таласыпты.

-Мен жыл басы боламын!-деп бәрі мақтанады.

Аңдар мен жануарлар ұйықтайды. Таңертең тышқан түйенің құлағына шығып алып, жылды бұрын көреді. Содан бері тышқан-жыл басы.



Пай –пай- пай,  
Жайылып жүр тай.  
Ай-ай- ай,  
Ұшып кетті торғай

Қызық екен ауылда,  
Тойдым әбден қауынға.  
Жедім құртты, майды да,  
Көрдім құлын, тайды да.



Бағалау критерилер	Дескрипторлар
1. Жаңа, таныс сөздерді буынға бөліп оқиды және сөздердің мағынасын түсінеді	- жаңа, таныс сөздерді буынға бөліп оқиды - сөздердің мағынасын түсінеді
2. Таныс сөздерді қолдану арқылы сұрақ қояды және сұраққа жауап береді	- таныс сөздерді қолдану арқылы сұрақ қояды - сұраққа жауап береді

**Бағалау:** “Бағдаршам”, “Голосование точками”, “Бас бармақ”

**Үй жұмысы:** үй жануарлары туралы 2-3 жұмбақ жазып келу